

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 432 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 30 қазан N 1153

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Элиталық тұқым шаруашылығын және мал тұқымын асылдандыру ісін сақтауға және дамытуға қаражат төлеудің 2002 жылға арналған ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 432 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 11, 111-күжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Элиталық тұқым шаруашылығын және мал тұқымын асылдандыру ісін сақтауға және дамытуға қаражат төлеудің 2002 жылға арналған ережесінде:

11 - тармақта:

1) тармақшаның екінші абзацы "сәуірде" деген сөзден кейін "және қазан-қарашада" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшаның екінші абзацы "және қараша-желтоқсанда" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі